

**«Ә.Жанкелдин атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ-де өткізілген мектеп
әкімшілігінің комиссия мүшелерінің отырысы**

Хаттамасы №2

Күні: 4 қазан 2023 жыл

Өтетін орны: кабинет №10

Қатысқандар мектеп директоры және комиссия мүшелері қатысқаны: 10

Күн тәртібінде:

1. Ас блогының, өнімдерді сақтауға арналған орындардың жай күйін тексеру;
2. Мектеп асханасының ыдыс-аяқпен қамтылу жәйі;
3. Кезектен тыс ас мәзірі бойынша ыстық тамақтың берілісін тексеру.

Тыңдалды:

1-ші мәселе бойынша мектеп әлеуметтік педагогы А. Алуадинова сөйледі: - мектебіміздегі ас блогының, өнімдерінің сақтауға арналған орындардың жай күйін тексеру мектеп әкімшілігінің комиссиясымен зерделеу жұмысы жүргізілгендігі туралы айтып өтті. Зерделеу барысында асханадағы ас блогының өнімдерді сақтайтын орны бір қалыпты екені анықталды. Мектептегі тамақтану кезінде санитарлық талаптар сақталып отырғандығы баяндалды.

Сөйлеушілер: мектеп психологы сөйледі: - зерделеу, тексеру кезінде ешқандай кемшіліктер байқалмады. Өнімдерді сақтауға арналған қойма кеңейтіліп берілсе жақсы болар еді.

2-ші мәселе бойынша әлеуметтік педагог А. Алуадинова сөйледі: асхананың ыдыс-аяқпен қамтылу жәйін айтып өтті. Ыдыс-аяқтар саны төмендегідей:

№	Ыдыс аяқ атауы	Саны
1	Тоқ пеш	3
2	Қысқа толқынды пеш	1
3	Нан пеш	2
4	Холодильник	2
5	Су қайнатын шайнек	3
6	Ыдыс жуатын табақ	4
7	Нан илейтін табақ	3
8	Таразы	2
9	Су бақыраш	4
10	Ожау	4
11	Сүзгі	4
12	Пышақ	10
13	Доска	10
14	Кострюл	5
15	Қазан	2
16	Су шелек	4
17	Поднос	10
18	Тарелка втор. арналған	100
19	Бокал	100
20	Тарелка перв. арналған	100

21	Үлкен қасық	100
22	Кішкентай қасық	80
23	Сок стакан	20
24	Шай стакан	60

Ыдыс-аяқтар саны жеткілікті. Аспаз бен көмекшілерінің дәрігерлік байқаудан өту кітапшалары бар, мерзімдері жарамды. Тексеру кезінде кемшіліктер болған жоқ. Ұсыныстар айтылды.

3-ші мәселе бойынша медбике К. Давленова сөйледі: - Ыстық тамақ берілісі барысында ас мәзірі бойынша тексеру жүргізілді. Тексеру барысында берілген ас мөлшері таразыға салынып өлшенді. Жалпы ас мәзірі бойынша тамақтың жасалуы талапқа сай, дәмді, сапалы. Кампот шырыны, алма, нан өлшемдері жас шамасына сәйкес келеді. Асхананың жалпы тазалығы санитарлық талапқа сай сақталған. Асхана қызметкерлерінің кітапшалары бар, мерзімдері жарамды. Аспазда және көмекші қызметкерлерде дене жарақаты жоқ. Қол кептіргіш жұмыс жасап тұр. Сұйық сабын бар. Асханада қол жуатын қол жуғыштар саны көбейтілсе жақсы болар еді деп сөзін аяқтады.

Қаулы:

1. Мектептегі тамақ өнімдерінің сақталу қоймасына зерделеу жұмыстары жүргізіліп отырылсын.
2. Асхана ішіне, қоймаға керекті заттар алынып берілсін.
3. Уақытында кезектен тыс ас мәзірі бойынша ыстық тамақтың берілісін тексеру жұмыстары жүргізілсін.

Жиналыс төрағасы:

Жиналыс хатшысы:

С. Оразалиев
А. Алуадинова

Қ. Оразалиев

А. Алуадинова